6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаның
«Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаның «Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 30.10.2018ж. №4-4387 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдаманың негізгі бағыттарына сәйкес.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);	

		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің» негізгі бағыттарына сәйкес.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Болашақ білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері жүйеленіп, білім беру менеджменті, құзыреттілік теориясы, инновациялық педагогика және басқару психологиясы тұрғысынан жан-жақты талданған; білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалған, құзыреттілік құрылымының мазмұны, компоненттері және қалыптастыру шарттары ғылыми негізде сараланып, отандық және шетелдік теориялар мен тұжырымдамалар қарастырылып, зерттеулер мен тәжірибелерге талдау жасалған. Білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттілігін қалыптастыруға арналған құрылымдық-мазмұндық модель әзірленген. Модель мотивациялық-құндылықтық, функционалды-іс-әрекеттік, когнитивтік және рефлексивті компоненттерді қамтиды және білім

			менеджерінің кәсіби даму траекториясын, құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін және оларды педагогикалық шарттар арқылы дамыту жолдарын көрсетеді. Модель отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, ғылыми тұжырымдар негізінде әзірленген және оны білім беру ұйымдарында енгізу оқыту мен басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Диссертацияда зерттеудің маңыздылығы мазмұны бойынша жүйелі, логикалық бірізді қарастырылып, зерттеу пәнін ашып көрсеткен. Жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы мейлінше толық қамтылған, педагогика ғылымына елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаның зерттеу аясындағы өзіндік жазу деңгейі жоғары. Диссертант маңызды жаңа теориялық, тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізген. Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық деңгейі мен зерттеу жұмысының жаңалығы - «Білім беру жүйелерін инновациялық басқару» атты білім беру бағдарламасы жасалған. Бағдарлама білім беру ұйымдарын инновациялық тұрғыда басқаруға, цифрлық трансформация мен командалық жұмысты ұйымдастыруға бағытталған. Оның ерекшелігі – дәстүрлі әкімшілік тәсілдерден арылып, стратегиялық

			және креативті басқаруға жол ашуында. Диссертанттың өзі жазу деңгейі қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдарды негіздей отырып, зерттеу бағытының өзектілігімен байланысты ғылыми тың ойлар мен тұжырымдар жасауынан көрінеді. Зерттеу нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен дәйектілігінің деңгейі жеткілікті. Автор ұсынған әрбір нәтиже мен тұжырымдардың жекелеген ерекшеліктері мен жаңалықтары бар. Нақты алынған нәтижелер дәйектелген және Қазақстан Республикасындағы педагог-психологтарды даярлау талаптарына жауап береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесі бұрын-соңды болмаған ауқымдағы өзгерістер мен жаңа сын-тегеуріндерге тап болуда. Цифрлық трансформация, жаңа технологиялардың белсенді енуі, әлемдік білім беру кеңістігінің интеграциясы – білім беру ұйымдарынан үздіксіз даму мен жаңашылдықты талап етуде. Бұл үдерістер білім беру саласында инновациялық басқару модельдерін енгізу қажеттілігін арттырып отыр. Инновациялар білім берудің ажырамас құрамдас бөлігіне айналып, білім беру мазмұнын, әдістері мен басқару жүйесін сапалық тұрғыдан жаңартуға мүмкіндік беруде. Инновациялық тәсілдер оқыту үдерісінің тиімділігін арттырып

			қана қоймай, білім алушылардың шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, дербестікке тәрбиелеуге және өмір бойы білім алуға дайындығын қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте білім беру ұйымдарын басқару ісінде де түбегейлі өзгерістер қажет. Бүгінгі таңда кеңінен қолданылып жатқан цифрлық технологиялар мен қашықтан оқыту платформалары (Coursera, Moodle, Bilimland), виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR), жасанды интеллект (AI), үлкен деректер (Big Data), Soft skills пен STEM бағытындағы оқыту, геймификация, форсайт-технологиялар, жеке оқыту траекториялары және академиялық ұтқырлық сияқты инновациялық бастамалар білім беру жүйесіне жаңа серпін беруде. Аталған өзгерістер білім беру мекемелерін тиімді басқару үшін жаңа типтегі мамандар – инновациялық басқару құзыреттілігі жоғары білім менеджерлерін даярлауды талап етеді. Алайда қазіргі білім беру практикасында білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін мақсатты түрде қалыптастыру, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан негіздеу мен жүйелеу мәселелерін қарастырумен өзекті. Осыған байланысты білім менеджерлерін инновациялық басқаруға кәсіби тұрғыдан даярлау жолдарын, құрылымдық-мазмұндық үлгілерін

			және оны дамыту шарттарын айқындау – бүгінгі білім беру жүйесіндегі стратегиялық міндеттер. Осы мәселенің теориялық және практикалық маңыздылығы зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ізденушінің «Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық психологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы педагогика-психология саласында өзіндік үлесі бар, ғылыми тілде жазылған дербес жұмыс. Зерттеу жұмысы нормативтік сілтемелерден, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тарауды қамтитын негізгі бөлімдерден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың білім менеджерлерінің инновациялық құзіреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздері бөлімінде теориялық мәселелер қарастырылып, әдіснамалық тұғырлар анықталған. Екінші бөлімі білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі жасалған, үшінші бөлімде білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру диагностикасы жасалынып тәжірибелік жұмыс

			нәтижелері негізделген. «Ерік жігеріңіз мықты ма?», «Жетістік мотивациясы», «Менеджмент туралы түсінік», «Басқарушылық құзыреттерді бағалау», «Басқару әлеуетінің шектеулері» әдістемелерінің тиімділігі тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында тексеріліп, дәлелденген. Әдістемелер Спирменнің корреляция коэффициенті арқылы есептеліп, мәнді корреляциясы анықталған. Автор әлемдік тәжірибелерге де шолу жасаған. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, ұсынылған материалдар алға қойған мақсаты мен міндеттер айқындалған. Білім менеджерлерінің бойында инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері мен әдістемесін тұжырымдамалық-практикалық негіздеу мақсатына жеткен. Зерттеу міндеттері: - инновациялық басқару құзыреттіліктері туралы теорияларды жүйелеу; - «білім менеджері», «инновациялық басқару құзыреттілігі» ұғымдарының мәнін ашу, өзіндік тұрғыдан анықтама беру диссертацияның бірінші бөлімінде; - болашақ білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру; - инновациялық

			басқарушылық құзыреттіліктерді қалыптастырудың әдістемесін құрастыру – екінші бөлімде; - білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал жасайтын пәннің оқу әдістемелік кешенін құру; - білім менеджерінің басқару құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін тәжірибеде тексеру, әдістемелік ұсыныстар беру диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде айқын көрініс тапқан. Осы тұрғыдан қойылған міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес. Автор аталған тақырыпқа қатысы бар көптеген ғылыми әдебиеттер мен деректерді бір жүйеге келтіріп, оны жаңа көзқарас тұрғысынан өзара байланыста баяндаған, сонымен бірге сараптау арқылы түйіндеген. Зерттеу жұмысын жазу барысында жүйелілік, логикалық, бірізділік жоғары деңгейде сақталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	«Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты диссертациялық жұмыс барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық өзара байланысты. Зерттеу жұмысының құрылымы, тарау мен бөлімдерінің атаулары диссертацияның біртұтастығын білдіреді. Зерттеу теориялық негізделген, эмпирикалық нәтижелермен бекітілген ғылыми тұғырлар жүйесі түрінде ұсынылады. Өзара

			байланысқан негізделген көрсеткіштердің қолданылуы жұмыстың біртұтастығын айқындалған толық байланысқа жұмыс.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ізденуші отандық және шетелдік ғылыми ізденістер нәтижелеріне сүйене отырып, сыни талдаулар жүргізген. Диссертациялық жұмыста қарастырылып отырған мәселе толығымен терең зерттелген, зерттеу нысанына байланысты жоғары деңгейде пікір білдіретін ғылыми көзқарастар, ұсыныстар мен қорытындылар жасалынып сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың диссертациялық жұмысы педагогика ғылымындағы білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздеріне қатысты толық зерттелмеген бірқатар мәселелерді қарастырады. «Басқару», «білім менеджері», «инновациялық басқару құзыреттілігі» бойынша анықтамалар талданып, жаңа анықтамалар ұсынған. Зерттеу барысында біршама ұғымдар мен деректер ғылыми айналымға ендірілген. Сондықтан әр нәтиже мен қағидаттардың ғылыми деңгейі жаңа. Жұмыс бойынша негізгі жүйелік, тұлғалық, іс-әрекеттік, аксиологиялық, белсенділік, құзыреттілік, инновациялық тұғырлар талданған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертация жұмысының қорытындылары жаңа. Себебі, зерттеу жұмысында ұсынылған

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	негізгі тұжырымдамалардың жаңалығы диссертация тақырыбымен, оның мақсат, міндеттерімен, қорғауға шығарылған мазмұнымен арақатынасының сабақтасуымен негізделеді. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу түрінде ұсынылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Рецензияланған диссертация гуманитарлық пән бағыты бойынша орындалғандықтан және техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерді шешуді мақсат етпейтіндіктен, жұмысты бағалаудың бұл критерийі мұнда қолданылмайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаның диссертациялық жұмысының барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан айтарлықтай дәлелді және негізделген: Бірінші, педагог кадрларды инновациялық басқару іс-әрекетіне дайындаудың сипаты зерделеніп, білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі талдаған; білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыруды зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен зерттеу логикасы негізделген;

			екіншіден, болашақ білім менеджерінің инновациялық мінез-құлқын дамыту тұжырымдаманың ресурстық негізі ретінде мазмұндалған; білім менеджерін инновациялық басқару іс-әрекетіне даярлау әдістемесі жүйеленіп, білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі әзірленіп ұсынылған; үшіншіден, білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың диагностикалары анықталып, сауалнамалар мен әдістемелер іріктеліп жүргізілген; білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында элективті пәннің ОӘК мазмұндалған; білім менеджерін даярлауға, олардың инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған «Білім беру жүйелерін инновациялық басқару» білім беру бағдарламасы ұсынылған. Жалпы автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындылары ғылыми тұрғыда негізделіп, дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;	Қорғауға ұсынылған 5 тұжырым ғылыми негізделіп, логикалық жүйемен сұрыпталып, дәйектелген. Яғни: 7.1 Әр тұжырым нақты дәлелденген 7.2 Тривиалды емес

		3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі келесідей: *1-ғылыми нәтиже - жаңа. Зерттеу* жұмысының ғылыми, теориялық негіздері болған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен педагогика, психология саласындағы әдіснамалық мәселелер мен жалпы ғылыми ережелерге сүйене отырып, автор білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық психологиялық негіздерін нақтылауға тырысқан. 2-*ғылыми нәтиже* – жаңа. «Басқару», «білім менеджері», «инновациялық басқару құзыреттілігі» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыдан талданып, олардың мазмұндық ерекшеліктері, құрылымдық компоненттері айқындалған, өзіндік анықтамалар ұсынылған. 3-*ғылыми нәтиже* – жаңа. білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық психологиялық негіздерінің кілттік сөздердің мәні мен мазмұны ашылған; білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың үлгісі құрастырылып, тиімділігі тексерілген. 4-*ғылыми нәтиже* – жаңа. Білім менеджерлерінің инновациялық басқару

			құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «Білім берудегі инновациялық стратегиялар мен үдерістер» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені жасалып, тиімділігі тәжірибеде тексерілген. 5-*ғылыми нәтиже – жаңа.* білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық психологиялық негіздерінің мазмұны айқындалып, әдістемесі тәжірибелік-эксперименттен өткізілген, әдістемелік ұсыныстар берілген. Білім менеджерлерін даярлауға және инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған «Білім беру жүйелерін инновациялық басқару» білім беру бағдарламасы ұсынылған. 7.4 Зерттеу жұмысының қағидаттарының қолдану деңгейі кең. Теориялық және практикалық тұрғыда гуманитарлық ізденістерде сүйенуге болады. 7.5. Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми мақалаларда, атап айтқанда жұмыстың мазмұны 14 еңбекте жарияланған. Соның ішінде 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1 Scopus базасына енген

			шетелдік басылымдарда, 7 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 Отандық ғылыми жетекшімен авторлық бірлестіктегі оқулықта жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы негізделген. Зерттеуші зерттеудің ғылыми-теориялық және эксперименттік әдістеріне сүйенеді. Оның ішінде: теориялық әдістер (философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әлістемелік, оқу-әдістемелік құралдарын зерттеу және талдау; зерттеу мәселесі бойынша диссертациялар мен нормативті-құқықтық құжаттармен ғылыми басылымдармен танысу, зерттеу, анализдеу, салыстыру, синтездеу); эмпирикалық әдістер (бақылау, сауалнама, тест, диагностикалық зерттеулер, эксперимент диагностикалық); түрлері, педагогикалық-психологиялық педагогикалық әдебиеттерді зерттеу (негізгі ұғымдарға терминологиялық және мазмұндық талдау, құрылымдық-мазмұндық талдау), жоғары оқу орындарының педагогикалық тәжірибесін жалпылау және педагогикалық эксперимент, сауалнама, сұрақ-жауап, математикалық статистика әдістерді қолданған. Қолданылған әдістер өз орнымен дәйекті, дұрыс таңдалған.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері: деректерді өңдеу және талдау әдістерін қолдану арқылы алынған. Тәжірибе нәтижелері сандық та, сапалық та тұрғыдан маңызды деректер қорын құрай алады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Жумабекова Кырымыз Бакыткалиевнаның «Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық психологиялық негіздері» диссертациялық жұмысының теориялық қорытындылары автордың эксперименттік зерттеу жұмыстары негізінде дәлелденген. Білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі құрастырылып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген. «Білім берудегі инновациялық стратегиялар мен үдерістер» пәнінің оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, тәжірибе жүзінде тексерілген
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда зерттеу мәселесіне қатысты шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге жақсы талдау жүргізілген. Зерттеу жұмысы бірнеше нормативтік құжаттар, айталық Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы;

			Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы; ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың халыққа Жолдауы; Қазақстанда өмір бойы білім алу тұжырымдамасы; «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы; Қазақстан Республикасы Жалпыға міндетті білім беру стандарты құжатына негізделіп жүргізілген. Пайдаланған әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді. Жалпы, маңызды мәліметтер нақты сілтемелермен расталып, өзіндік ой-тұжырыммен қорытындыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолуға жеткілікті және зерттеуде 159 әдебиетке шолу жасалған. Автор инновациялық басқару құзіреттілігі саласындағы отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерді кеңінен қамтыған. Әдебиеттер тізімінің құрылымы жүйелі және сілтемелер нақты берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Аталған зерттеу жұмысындағы берілген теориялар мен қағидалар

			тақырыпқа сай ары қарай зерттелетін жұмыстарға негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста көрсетілген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, қол жеткізілген нәтижелерін: «Білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі», болашақ білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыруда практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Білім менеджерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастыруда ұсынған «Білім берудегі инновациялық үдерістер» курсы, «Білім берудегі инновациялық стратегиялар мен үдерістер» пәнінің оқу әдістемелік кешені, «Білім беру жүйелерін инновациялық басқару» білім беру бағдарламасы бойынша практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелерін білім менеджерлерін инновациялық басқару үдерісінде оңтайландыруға, жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденушінің академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысында техникалық, стилистикалық, орфографиялық қателері жоқ. Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаның

			«Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы негізгі талаптарға сай орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысқа оң баға бере отырып, мынандай ескертпелер ұсынуға болады: - диссертациялық жұмыста шетелдік тәжірибеге кеңінен тоқталса, құндылығы арта түсер еді; - докторанттың шетелдік тағылымдамадан өткен Вильнюс университетіндегі инновациялық басқару мәселелері салыстырмалы тұрғыда қарастырылса зерттеудің ғылыми-мазмұндық талдауы тереңірек көрінетін еді; - диссертацияның 2.3. бөлімінің (инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі) атауында «үлгі» деген ұғымды модель - деп айтса мазмұнға сәйкес келеді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған		Докторанттың жарияланған ғылыми мақалаларында білім менеджерінің қызметтері, кәсіби сәйкестігі, инновациялық басқару құзыреттіліктерін дамыту, қалыптастырудағы ғылыми-практикалық аспектілер қарастырылған. Сондай-ақ, мақалалар мен ғылыми еңбектерінің деңгейі айтарлықтай жоғары.

	жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Білім менеджерлерінің инновациялық басқару құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы жағынан «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес келеді, зерттеу жасалған, аяқталған жұмыс деп есептеймін. Сол себепті, докторант Жумабекова Кырмызы Бакыткалиевнаға «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ

А.Н. Кошербаева